

Қазақстан Республикасы
Зайсан аудандық Қоғамдық кеңес жанындағы “Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл” комитетінің отырысының
ХАТТАМАСЫ
№3

Зайсан қаласы

20 наурыз 2025 жыл

Қоғамдық кеңес төрағасы
Қоғамдық кеңес хатшысы

Уәли М.
Ж. Қалихан .

Барлық қоғамдық кеңес мүшелері – 15

Қатысқаны – 11

Қатыспағаны – 4

Оның ішінде:

Денсаулығына байланысты – 1

Іс сапарда –

Белгісіз – 3

Күн тәртібінде

1. Зайсан аудандық сәулет, құрылыс және қала құрылысы бөлімінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтері туралы.

Хабарламашы: Зайсан аудандық құрылыс және сәулет , құрылыс және қала құрылысы бөлімінің басшысы **Асхат Арғынғазыұлы Утебаев**.

Тыңдалды:

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы М.Уәли:

Бүгінгі отырыстың күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз Зайсан аудандық құрылыс және сәулет , құрылыс және қала құрылысы бөлімінің басшысы **Асхат Арғынғазыұлы Утебаевтың** отырысқа келмеуі себепті бөлім мамандары **Калимолдина Ира Халеловна** және **Мейрамханұлы Ертайға** беріледі. (баяндама қосымшада). Баяндама аяқталды.

–**М.Уәли:**– Бөлімдеріңізден атқарылып жатқан жұмыстарыңыз жайлы және қандай қызмет көрсетесіздер, сол туралы аудандық «Достық» газетіне және аудан әкімдігінің ресми сайтына неге жарияланбаған?

– **Е.Мейрамханұлы:**– Алдағы уақыта тікелей эфирге шығып , сұғбат береміз деген жоспарда бар.

–**М.Уәли:**– 2024 жылдың қаңтарында «Жылжымайтын мүлік объектілерінің мекен – жайын анықтау бойынша газеттерге, сайттарға неге жарияланбаған?

– **И.Калимолдина:**– Наурыз мейрамынан кейін жариялаймыз.

–**М.Уәли:**–Бөлімдеріңізде сәулетші кім?

–**И.Калимолдина:**– Мен сәулетші.

–**М.Қаламов:** –Заң бойынша сәулетші бөлім басшысы болу керек.

–**М.Уәли:**– Боқажанов көшесінде қызыл шекараны сақтамай гараж т.б құрылыстарын салып тастаған. Осыған неге шектеу қоймайсыздар?

– **И.Калимолдина:**– Осындай құрылыс иелеріне ГАСК мекемесінен келіп айыппұл салып жатыр.

– **М.Бошақов:** – Қазіргі кезде бақшалық суды жуынды шәйіндісін төгіп, лаптап жіберді. Осы мәселені көтеріп, Қоғамдық кеңесте мониторинг жүргізсек деген ұсынысым бар.

–**М.Уәли:**– Бұл ұсынысыңызды құптаймын қоғамдық кеңес Зайсанның көшелеріне мониторинг жасап, қайтадан Утебаевты, қала әкімін шақырып осы мәселені қарау керек. Басқа сұрақтарыңыз бар ма? Жоқ болса, хабарламасы еске алынсын.


Ұсыныс:

1. Аудандық сәулет, құрылыс және қала құрылысы бөлімі басшысының мемлекеттік қызмет көрсетуде атқарылып жатқан жұмыстары жөнінде хабарламасы еске алынсын.
2. Зайсан аудандық сәулет, құрылыс және қала құрылысы бөліміне (А.Утебаевқа) бөлім тарапынан мемлекеттік қызметтер сапасын жақсарту, көрсетілген мемлекеттік қызметтер жөнінде аудандық «Достық» газетіне, аудан әкімдігінің ресми парақшаларына жариялап отыру ұсынылсын.

Әр қызметтің қағидаларында өзгерістер болса, міндетті түрде жариялануы тиіс. Сонымен қатар «Жылжымайтын мүлік объектісінің мекен – жайын беру/жою мемлекеттік қызметінің» Қағидасын осы жылдың 31 наурызына дейін аудандық «Достық» газетіне және аудан әкімдігінің ресми парақшаларына жариялансын.

Зайсан аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы:

**Қоғамдық кеңес
хатшысы :**

 **М.Уәли.**
 **Қалихан Ж.**